

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің "Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы" 2016 жылғы 19 ақпандағы №11-ө және "Заңнаманы жүйелеу және оны жаңғырту жөніндегі комиссия туралы" 2018 жылғы 13 тамыздағы № 102-ө өкімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2019 жылғы 21 мамырдағы № 87-ө өкімі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің кейбір өкімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2016 жылғы 19 ақпандағы №11-ө өкімінде:

көрсетілген өкіммен бекітілген Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ережеде:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Комиссияның отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.";

көрсетілген өкіммен бекітілген Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамында:

мыналар:

Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі;

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің жауапты хатшысы;

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің жауапты хатшысы;

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заң шығару және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының директоры;

"М. С. Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ университеті" акционерлік қоғамы Жоғары құқық мектебінің директоры (келісу бойынша);

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті (Жоғарғы Сот аппараты) басшысының орынбасары (келісу бойынша);

"Nur Otan" партиясының орталық аппараты басшысының орынбасары (келісу бойынша) енгізілсін;

мына:

"Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министрі;"

"Қазақстан Республикасының Дін істері және азаматтық қоғам вице-министрі;"

"Қазақстан Республикасының қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің жауапты хатшысы;"

"Қазақстан Республикасы ақпарат және коммуникациялар министрлігінің жауапты хатшысы;"

"Нұр Отан" партиясының орталық аппараты басшысының орынбасары – заң қызметінің басшысы (келісу бойынша);"

"Қазақстан Республикасының Заңнама институты" мемлекеттік мекемесінің директоры (келісу бойынша);"

"Қазақ гуманитарлық заң университеті" акционерлік қоғамының Жоғары құқық мектебінің директоры (келісу бойынша);"

деген жолдар алып тасталсын;

2) "Заңнаманы жүйелеу және оны жаңғырту жөніндегі комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2018 жылғы 13 тамыздағы № 102-ө өкімінде:

көрсетілген өкіммен бекітілген Заңнаманы жүйелеу және оны жаңғырту жөніндегі комиссия туралы ережеде:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Комиссияның отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.";

көрсетілген өкіммен бекітілген Заңнаманы жүйелеу және оны жаңғырту жөніндегі комиссияның құрамында:

мыналар:

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің жауапты хатшысы;

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің жауапты хатшысы;

Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі;

мына:

"Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрлігінің жауапты хатшысы;"

"Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің жауапты хатшысы;"

"Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің жауапты хатшысы;"

"Қазақстан Республикасының Индустрия және даму вице-министрі;" деген жолдар алып тасталсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК